

**Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 19 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қаулысы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы 1999 жылғы 9 көкек N 28 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 19 мамырда тіркелді. Тіркеу N 765. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 175 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

*Ескерту. ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1999 жылғы 9 көкектегі N 28 Қаулысының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 175 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

"Бюджет жүйесі туралы" Z990357\_ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 01 көкектегі заңының шығуына байланысты, оның 1-бабының он екінші бөлігінде Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарылған бағалы қағаздардың мемлекеттік бағалы қағаздар ретінде айқындалуына сәйкес Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 19 қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 17 наурызда 707 V980707\_ нөмірмен тіркелген Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру қағидаларының 24 тармағына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1) тармақша "Қазақстан Республикасының" деген сөздерден кейін " Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Ұлттық Банкі шығарған" деген сөздермен толықтырылсын; "эмиссияланған" деген сөзден кейін (осы тармақша Ұлттық комиссияның 1999 жылғы 06 көкектегі N 28 қаулысымен толықтырылған ) деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұнды 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдар шығарған

мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес эмиссияланған (осы тармақша Ұлттық комиссияның 1999 жылғы 06 көкектегі N 28 қаулысымен енгізілген);".

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау б а с қ а р м а с ы :

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының, бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары қауымдастықтарының (оларға осы Қаулыны олардың мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қаржы министрлігінің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны (ол күшіне енгізгеннен кейін) бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушы қызметін жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

3) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Комиссияның мүшелері